

Акциялардың ірі пакеттерін сатып алудың шарттары туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы директориаты 1998 жылғы 26 қазан N 182. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 10 желтоқсан N 656 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 23 қазандағы N 361 қаулысымен (V032560).

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының» 1998 жылғы 10 шілдедегі заңының 29-бабының»1-тармағын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының»(бұдан әрі - "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты қаулы етеді:

1. Акционерлерінің»саны бес жүз болатын ашық акционерлік қоғамның» дауыс беретін акцияларының»отыз және одан да көп процентін жеке немесе өзінің» аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп сатып алуға ниеті бар тұлға (бұдан әрі - "Инвестор" деп аталады) осы қоғамға және Ұлттық комиссияға акцияларды сатып алудың»жобаланған мерзімінің»басталуына дейін бір ай бұрын кешіктірмей осы Қаулының»1-қосымшасындағы үлгі бойынша жазбаша ескертпе беруге міндетті екендігі белгіленсін.

2. Инвестордың»жазбаша ескертпенің»9, 10-тармақтарындағы және 12-тармақтың»9) және 10) тармақшаларында көрсетілген мәліметтері тиісті бағалы қағаздар ұстаушыларының»тізілімінен үзінді-көшірмелермен расталу керек екендігі белгіленсін.

3. Монополияға қарсы заңдарды сақтауға бақылау жасауды жүзеге асыратын мемлекеттік органды Инвестордан алынған жазбаша ескертпемен таныстыруға Ұлттық комиссияның құқылы екендігі белгіленсін.

4. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының»Корпоративтік қаржылар басқармасы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің»назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының»орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның»Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Бағалы қағаздар жөніндегі

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯСЫ Директоратының
1998 жылғы 26 қазандағы
№ 182 қаулысына

1-қосымша

[ашық акционерлік
қоғамның атауы]

Көшірмесі: Қазақстан Республикасының
Бағалы қағаздар жөніндегі

Ұлттық комиссиясына

ЕСКЕРТПЕ

Мен (біз) осымен, мына мекен-жайда [қоғамның] ескертушіге белгілі орналасқан жері (мекен-жайы)] орналасқан [қоғамның ескертушіге белгілі атауы] ашық акционерлік қоғамның» дауыс беретін акцияларының» кемінде отыз процентін жеке/аффилиирленген тұлғалармен [қажетсізінсызыптастау керек] бірлесіп сатып алуға ниетті екендігімді (екенімізді) өзім/бірлесіп ескертемін(міз)

< * >

< * > Ескертпенің осы бөлігі қоғам туралы басқа да ескертушілерге де белгілі, оны біржақты біріздендірумен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайтын мәліметтермен (ОКПО кодымен, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің күнімен және нөмірімен, акциялар эмиссияларының ұлттық біріздендіру нөмірлерімен және басқалармен) толықтырылу керек.

Өзім(міз) туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын(мыз):

1. Ескертушінің аты (атауы) < * * >

Жеке тұлға ескертушінің оның жеке өзін куәландыратын құжатқа сәйкес аты немесе заңды тұлға ескертушінің» оны Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке (Қазақстан Республикасының» заңды тұлғалары үшін) немесе ескертушіні заңды тұлға ретінде тіркеу туралы құжатқа (шетелдік заңды тұлғалар үшін) сәйкес атауы.

< * * > Шетелдік тұлғалар және азаматтығы жоқ тұлғалар (ТМД-ға мүше елдердің азаматтары және заңды тұлғалары туралы мәліметтерді қоспағанда) туралы мәліметтер латын әріптерімен толтырылады.

2. Ескертушінің» қатыстылығы.

Жеке тұлға ескертушінің» азаматтығы (азаматтығын немесе азаматтығы жоқ екендігін көрсету) немесе заңды тұлға ескертуші заңды тұлға ретінде тіркелген е

л
3. Заңды тұлға ескертушінің ұйымдық-құқықтық нысаны.

4. Ескертушінің» тіркелу мәліметтері.

Жеке тұлға ескертушінің» жеке өзін куәландыратын құжатты нөмірі, берілген күні және берген орган немесе заңды тұлға ескертушіні Мемлекеттік тіркеу (

қайта тіркеу) туралы куәліктің (Қазақстан Республикасының) заңды тұлғалары үшін) немесе ескертушіні заңды тұлға ретінде тіркеу туралы құжаттың» (шетелдік заңды тұлғалар үшін) нөмірі, берілген күні және берген орган.

5. Ескертушінің тұрған жері (орналасқан жері) <*> .

Жеке тұлға ескертушінің тұрған жері немесе заңды тұлға ескертушінің оны Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес немесе осындай мәліметтер болмаған кезде статистикалық карточкаға сәйкес (Қазақстан Республикасының) заңды тұлғалары үшін) немесе ескертушіні заңды тұлға ретінде тіркеу туралы құжатқа сәйкес (шетелдік заңды тұлғалар үшін) тіркеліп орналасқан жері.

<*> Бұл жерде және б-тармақтар: шетелдік тұлғалар және азаматтығы жоқ тұлғалар (ТМД-ға мүше елдердің азаматтары және заңды тұлғалары туралы мәліметтерді қоспағанда) туралы мәліметтер латын әріптерімен толтырылады.

6. Ескертушінің нақты мекен-жайы.

Шетелдік жеке тұлға ескертуші үшін: Қазақстан Республикасында тұрған (келген) жері; заңды тұлға ескертуші үшін: пошталық индексін көрсете отырып, оның атқарушы органының орналасқан жері.

7. Ескертушінің коммуникациялық реквизиттері.

Ескертушінің телефондарының, факстерінің, телетайптарының нөмірлері, электрондық поштасының мекен-жайы және халықаралық және қалааралық байланыс кодтарын көрсете отырып ескертушінің басқа да ықтимал коммуникациялық реквизиттері. Шетелдік тұлға ескертуші үшін: автоматтандырылған қалааралық байланыс кодын көрсете отырып, Қазақстан Республикасындағы ықтимал байланыс телефондарының және факстерінің нөмірлері .

8. Заңды тұлға ескертушіні оған негізгі кіріс келтіретін қызмет түрлерінің тізбесі .

9. Ескертуші акцияларын сатып алуға ниет білдірген қоғамның қызметіне ұқсас қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының шығарылған дауыс беретін акцияларының (қатысушылардың салымдарының) жалпы санының ескертушіге меншіктеу құқығымен тиесілі және ескертушінің басқаруындағы <*> дауыс беретін акциялардың үлесі (процентпен, үтірден кейін екі белгімен).

<*> Бұл жерде және одан әрі акция бойынша дауыс құқығын немесе "алтын акция" бойынша veto құқығын келісімнің немесе сенімхаттың негізінде пайдалану акцияларды басқару деп танылады.

10. Акцияларын сатып алуға ескертуші ниет білдірген қоғамның дауыс беретін акцияларының меншіктеу құқығымен ескертушіге тиесілі саны.

11. Акцияларын сатып алуға ескертуші ниет білдірген қоғамның дауыс

беретін акцияларының»ескертушінің басқаруындағы саны.

12. Қоғамның»акцияларын бірлесіп сатып алуға ниет білдірген ескертушінің» аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер (әрбір аффилиирленген тұлға бойынша жеке-жеке):

1) ескертушімен аффилиирлендірілу дәрежесі (сипаты).

Аффилиирлендірілу көзқарасы бойынша ескертуші мен осы тұлғаның» арасындағы өзара қарым-қатынастарға қысқаша сипаттама жасау. Мысалы: "Ескертушінің»еншілес ұйымы", "Ескертушіге тәуелді акционерлік қоғам", "Ескертушінің»басшы қызметкері", "Ескертушінің»басшы қызметкері бақылау жасайтын заңды тұлға". Сондай-ақ "Аффилиирленген тұлға" ұғымын қолдану практикасы туралы" ұлттық комиссияның 1998 жылғы 26 қазандағы N 181 қаулысын қараңыз;

2) аффилиирленген тұлғаның аты (атауы)<*> ;

3) аффилиирленген тұлғаның»қатыстылығы;

4) заңды тұлға аффилиирленген тұлғаның»ұйымдық-құқықтық нысаны;

5) аффилиирленген тұлғаның»тіркелу мәліметтері;

6) аффилиирленген тұлғаның»тұрған жері (орналасқан жері);

7) аффилиирленген тұлғаның»нақты мекен-жайы;

8) аффилиирленген тұлғаның»коммуникациялық реквизиттері;

9) ескертуші акцияларын сатып алуға ниет білдірген қоғамның»қызметіне ұқсас қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының»заңды тұлғаларының»шығарылған дауыс беретін акцияларының»(қатысушыларды салымдарының) жалпы санының»аффилиирленген тұлғаға меншіктеу құқығымен тиесілі және аффилиирленген тұлғаның басқаруындағы дауыс беретін акциялардың»үлесі (процентпен, үтірден кейін екі белгімен);

10) акцияларын сатып алуға ескертуші ниет білдірген қоғамның»дауыс беретін акцияларының меншіктеу құқығымен аффилиирленген тұлғаға тиесілі саны ;

11) акцияларын сатып алуға ескертуші ниет білдірген қоғамның»дауыс беретін акцияларының»аффилиирленген тұлғаның»басқаруындағы саны. _____

— — — — —
<*> 12-тармақта көрсетілген мәліметтерді берген кезде 12, 4-7-тармақтарға түсіндірмелерді басшылыққа алған дұрыс.

13. Акцияларын ескертуші сатып алуға ниет білдірген қоғамның»дауыс беретін акцияларының»саны және осы акциялардың қоғамның»шығарылған дауыс беретін акцияларының»жалпы санындағы үлесі (үлесі).

14. Қоғамның»ескертуші сатып алуға ниет білдірген акцияларының» жобаланған бағасы (теңгемен).

Қоғам "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының»1998

жылғы 10 шілдедегі заңның 2-тармағына сәйкес акцияларын сату туралы ұсыныс жасай алатындай, қоғам акцияларының ұсынылып отырған ең жоғарғы сатып алу бағасын бір жақты айқындауға мүмкіндік беретін еркін форматта көрсету (бағалы диапазоны, орташа бағасы және одан рұқсат етілген ауытқу және басқа да ы қ т и м а л ф о р м а т т а р) .

15. Қоғамның»ескертуші сатып алуға ниет білдірген акцияларын төлеуді» ұсынылып отырған тәртібі мен нысаны.

16. Қоғамның»акцияларын ескертуші сатып алу үшін тартуға ұсынылған тұлғалардың» атаулары .

Қоғамның»акцияларын сатып алу үшін тартуға ескертуші ниет білдірген, бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ескертушіге белгілі ұйымдарды атаулары не "Акцияларды үшінші тұлғаларды тартусыз жеке өзім (өзіміз) сатып аламын(мыз)" деген жазба.

Заңды тұлға ескертуші үшін:

Басшы (лауазымы) (қолы) (тегі, инициалы)

М . О .

Жеке тұлға ескертуші үшін: (қолы) (тегі, инициалы)